

## ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

### МАГИСТРАТУРА: «7М02305 – Әдебиеттану» мамандығы

Пәндер циклдарының қысқарған атаулары	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
TF	<p style="text-align: center;"><b>Фольклор теориясы</b></p> <p>Пәннің мақсаты – фольклорлық сарындар мен сюжеттердің, фольклорлық образдар жүйесінің, фольклорлық поэтиканың көркемдік бітімін, методологиялық табиғатын зерттеу нәтижелерін насихаттау, сол арқылы фольклордың жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктердің анықталған тұтастану сипаттарын ашып көрсету. «Фольклор теориясы» пәні – магистранттар үшін ғасырлар бойы халық даналығын бойына сіңірген ауызша дамыған сөз өнерінің қасиет құнарының концепциялық сипаттарын, көркемдік құрылымын теориялық тұрғыда байыптайтын пән.</p>	5
1	<p style="text-align: center;"><b>Альтернатив пән: Фольклор поэтикасы</b></p> <p>Фольклор поэтикасы ұғымының мазмұны, негізгі бөлімдері, міндеттері. Фольклорлық жанрлардың поэтикасы. Ертегілер классификациясы, баяндау типтері. Фольклор поэтикасының ерекшеліктері. Миф поэтикасы (фантастикалық антропология. Мифтік архитиптер. Дүниенің пайда болуы туралы мифтер циклі. Түркілік мифтердің поэтикалық ерекшеліктері. Миф композициясының ерекшелігі.</p>	
21501	<p style="text-align: center;"><b>Қазақ әдебиетіндегі символизм</b></p> <p>Символизмнің әдебиет дамуындағы рөлін анықтау, қазақ символизміне теориялық тұрғыдан баға беру; әдебиеттегі символизм көріністерінің пайда болуының негіздері мен принциптерін қарастыру; әдебиеттегі символизм ағымының орнын, ерекшелігін зерттеу. XX ғ. басындағы орыс және қазақ ақындарының шығармаларындағы үндестік. Ақындар шығармаларындағы символизм нышандары. Шәкәрім, Шәңгерей, Мағжан, Бернияз шығармаларындағы символизм, олардың әдебиеттегі ұстанымы, поэтикасы, көзқарасы.</p>	5
2	<p style="text-align: center;"><b>Альтернатив пән: XX ғасыр басындағы әдеби процесс</b></p> <p>Ғасыр басындағы қазақ еліндегі саяси, тарихи, әдеби, мәдени жағдай. Алашшыл әдебиет, көрнекті өкілдері. Алам әдебиетінің ұстанған позициясы. Алаш әдебиетінде көтерілген негізгі мәселелер мен проблематика.</p>	
21505	<p style="text-align: center;"><b>Әдеби байланыс мәселелері</b></p> <p>Пәннің мақсаты – әдебиеттану ғылымының қазіргі даму барысы туралы толық мағлұмат беру және әдеби шығармаларды түсініп, қабылдау үшін қазіргі ғылыми әдіснамалық принциптерді дұрыс қолдануды үйрету, қазіргі қазақ, орыс және шетел әдебиеттеріне қатысты әдебиеттану</p>	5

	ғылымында жинақталған жүйелі білім беру, шешімі күрделі әдебиеттің теориясы мен тарихына және сынына қатысты әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныстыру	
3	<b>Альтернатив пән: Әдебиеттанудың теориялық мәселелері</b> Көркем әдебиет табиғаты. Көркем әдебиеттің ерекшелігі. Өнердегі типтілік мәселесі. Типтендіру түрлері. Әдебиеттің функциясы. Герменевтика және көркем шығарманы пайымдау. Әдебиеттегі «көркем образ», «образдылық» мәселелері. Әдебиеттегі казустық характерлер. Қазақ әдеби сынының теориялық мәселелері.	
21506	<b>Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет</b> Пәннің мақсаты – магистранттарға ХХ ғ. 90-жылдары мен ХХІ ғ. 2000-2019 жж. арасындағы Қазақстан Республикасындағы және алыс, жақын шетелдердегі қазақ әдебиеті шығармаларын біртұтас көркемдік дәстүр жүйесімен саралап оқыту. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы этностар (орыс, ұйғыр, неміс, түрік, кәріс, курд, т.б.) әдебиеті де біртұтас мемлекеттік ұстаным тұрғысында оқытылады.	5
4	<b>Альтернатив пән: Қазіргі әдеби үдеріс</b> Қазіргі қазақ әдебиетіндегі негізгі тақырыптар мен өзекті идеялар. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму траекториясы. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ағымдар мен бағыттар. Постмодернизм әдебиет поэтикасы. Интертекстуалдылық. Қазіргі қазақ сатирасы. Заманауи романдар мен повестер. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар. Гендерлік дискурс.	
21508	<b>Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі ментальдік</b> Пәннің мақсаты – мәдениеттану, философия мен әдебиеттанудың басты ұғымдарымен, категорияларымен, аса маңызды методологиялық жүйелерін анықтау және түсіндіру. Пәнді оқыған білімалушы қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар болып, әдебиеттану ғылымындағы ментальдіктің ерекшеліктерін, негізгі заңдылықтарының даму жүйесін біліп, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ментальдік, дәстүр мәселелеріне қатысты күрделі құбылыстар мен мәліметтерді түсіндіре алады.	5
5	<b>Альтернатив пән: Мәтінтану</b> Мәтінтану тарихы және үдерісі. Мәтінтану ұғымдары мен нысандары. Мәтін тарихын зерттеу негіздері. Мәтін және мәнмәтін. Мәтіннің психологиялық қуаты мен қызметі. Көркем мәтінді оқу және тану үдерісі. Көркем мәтін және оқырман. Мәтінді баспаға дайындау үдерісі.	
21509	<b>Әдебиеттанудағы шығармашылық зертхана мәселелері</b> Пәннің мақсаты - магистранттарға көркем шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктерін анықтау, шығарманың жазылу үдерісіндегі әр қилы күрделі сипаттар, жазушының қоғамдық тұлғасы, оның психологиялық болмысы, жазушы еңбегінде бақылау, сезімталдық, қиял, шабыт, қабілет және т.б. қасиеттердің алатын орны туралы жан-жақты мағлұмат беру. Жазушының шығармашылық зертханасымен таныстыру негізінде шығармашылық үдеріс заңдылықтарын білуіне көмек	5

	беру	
6	<p><b>Альтернатив пән: Көркем мәтін поэтикасы</b></p> <p>Көркем мәтін және автор. Әдеби шығармашылықты зерттеу жолдары. Көркем мәтінді зерттеудің филологиялық бағыттары. Суреткер тұлғасы туралы ғылыми-теориялық көзқарастар. Авторлық баян және көркем әлем. Көркем мәтін және оқырман. Көркем мәтіннің поэтикалық сипаты.</p>	
21510	<p><b>Өлең сөздің поэтикасы</b></p> <p>Пәннің мақсаты – магистранттарға өлең құрылымы мен поэтикасының сөз өнері мұралары қалыптасуындағы тарихи негіздерін, өлеңсөз жүйесінің әлем халықтары поэзиясындағы басты салаларын ұлттық және әлемдік көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары негізінде түсіндіру; метрикалық, силлабикалық, силлабо-тоникалық өлең өлшемдері негіздерін мәтіндік талдаулармен байыптау ерекшеліктерін меңгеру; өлең поэтикасындағы теңеулердің, айқындаулардың, құбылтудың, айшықтаудың бейнелілік ерекшеліктерін саралап талдау.</p>	5
7	<p><b>Альтернатив пән: Көркем проза поэтикасы</b></p> <p>Көркем шығарма және көркем мәтін. Мәтіннің психологиялық қуаты мен қызметі. Әдеби жанр поэтикасы. Көркем мәтін құрылымындағы интермәтін поэтикасы. Мәтіннің синергетикалық күрделілігі. Нормативті поэтика.</p>	
21504	<p><b>Қазақ әдебиетіндегі психологизм</b></p> <p>Пәннің мақсаты – магистранттарға психологизм ұғымы туралы жан-жақты түсінік қалыптастырып, ол құбылыстың көркем әдебиет шығармаларында алатын орны мен құрылымдық, стильтүзушілік, пішіндік қызметтерін айқындау; әдебиет туралы ғылымның аса маңызды мәселесі болып табылатын көркем шығарманың құрылымдық бөлшектерінен көрінетін көркем әдебиеттегі психологизм негіздерін меңгерту сол арқылы көркемдік-эстетикалық талғам-таразысын қалыптастыру, көркем туындыны бағалау жолдарына машықтандыру</p>	5
8	<p><b>Альтернатив пән: Әдебиеттанудағы негізгі ағымдар мен бағыттар</b></p> <p>Көркемдік әдіс, әдеби бағыт, ағымдар. Классицизм өнерінің эстетикасы. Еуропадағы ағартушылық дәуір эстетикасы. Әдебиеттегі модернистік бағыт-ағымдар. Модернизмнің философиялық және психологиялық негізі.</p>	